



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,  
Түркістан облысының  
прокуроры:

## «ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІҢ БАҒДАРЫ ДА, ҚОРҒАНЫ ДА – ПРОКУРАТУРА»

– Мұрат Әжинұрлы, Мемлекет басшысының әр жолдауы – елдің ертеңіне берілген бағдар іспетті. Осы стратегиялық құжатта елдегі басты қағиданың бірі ретінде «Заң мен тәртіптің белгіленгені белгілі. Тапсырмалардың орындалуы көңілден шыға ма?»

– Биылғы жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және тәртіп – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. ...Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады» – деп барлық дамудың бастауында заң мен тәртіп тұратынын айтты. Расында заң салтанат құрмаған, тәртіп сақталмаған мемлекеттің ілгері басуы қиын. Сондықтан прокуратура да бұл қағиданы басшылыққа ала отырып, көптеген іс-шараларға бастамашы болып келеді.

Күнделікті тәжірибе көрсеткендей мемлекеттегі заңсыздық пен құқық бұзушылықтың дені хабарламаны тіркемеумен тікелей байланысты. Қылмысты жасырудың, азаматтарды негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартудың соңы жалпы әділдікке деген көзқарасты төмендетеді. Мысалы, Түркістан ҚІБ қызметкерлері бір азаматшаның арызы негізінде «Дем» дүкенінің сатушысына қатысты қылмыстық іс бастаған. Арызданушы сатушыны кассадан қомақты сомада ақша қаражатын жымқырды деп көрсеткен. Прокуратура қадағалау тәртібінде осы іске араласып, сатушыға қатысты қылмыстық істі тоқтатты.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ЖЫНЫСТЫҚ БАҒДАР ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚАЙШЫ



Елімізде ЛГБТ насихатына заңмен тыйым салынбақ. Заңнама онлайн платформалар мен бұқаралық ақпарат құралдарында мұндай мазмұндағы ақпарат таратуға шектеу қоюды көздеп отыр. Сәйкесінше енді фильмдер мен кітаптарда біржыныстылықты үгіттеу де заңсыз деп танылады.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БАЗЫНА

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЖЕТ ТІЛГЕ АЙНАЛУЫ ТАЛАП ПЕН НИЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Тіл – ұлттың тамыры. Әр ұлтты даралайтын да, дәріптейтін де – тілі. Ал тілінен айырылған ұлт барынан ажырайды. Тарихы мен тамырын ұмытқан елдің салт-сана, дәстүрі мен ділінен қол үзетіні түсінікті жайт. Оған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Себебі барын бағаламаудың, тілі мен тарихын танымаудың соңы ұлттық болмыс-бітімді жоғалтуға түрткі болатыны түсінікті. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деуі осыдан болса керек.

Тәуелсіз еліміздегі жалғыз мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Оның мәртебесі Қазақстанның бас құжаты – Конституцияда айқындалған. Ата Заңымыздың 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп дәйектелсе, «Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып

табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп нақтыланған. Яғни, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі заңмен бекітілген. Алайда сол заңның орындалуы, қолданыстағы жағдайы көңілден шыға ма? Бізді алаңдататыны да осы.

Тәуелсіз Қазақстанның патриот перзенті ретінде бізді қазақ тілінің бүгінгі қолданысы ойлантпай қоймайды. Заңдардың әуелі орыс тілінде жазылып, қазақша аударылуы, құзырлы органдардың құжаты қазақша болға-



Нұржан ҚАРАБАЕВ,  
Алматы қалалық сотының судьясы

нымен, өзара диалогтың орысша өрбитіні, ақпарат әлемінде орыс тілінің басымдыққа ие екені, тіпті ауладағы қарақөз балаларымыздың өзге тілде шүлдірлеуі – ұлтты уайымға салатын мәселе екені рас. Жанымызды жегідей жеген соң бұл мәселеге үнемі назар аударып, елге ой салуға, тілдің мұң-зарын жеткізуге тұрақты көңіл бөліп келеміз. Бірақ, егемен ел болғанымызға отыз жылдан асса да «баяғы жартас – сол жартас».

Біз қазір мемлекеттің экономикасында даму болып жатқанын, саясаттағы беделіміздің өскенін, жас өрендеріміздің байрақты бәйгелерде топ жарып, спорт саңлақтарының әнұранымызды әлемге тыңдатып жүргенін мақтанышпен айтамыз. Иә, бар салада қозғалыс, ілгерілеу бар. Бірақ, мемлекеттік тілге байланысты мәселе әлі толық шешілмей келеді.

(Жалғасы 3-бетте)

2-бет



«Біз баламызды опат болуға емес,  
Отан қорғауға жібергенбіз!»

6-бет



Көлік жүргізу мәдениеті  
неге төмен?

8-бет



Шамиль шалдың  
күпиясы

КӨКЕЙКЕСТІ

# «БІЗ БАЛАМЫЗДЫ ОПАТ БОЛУҒА ЕМЕС, ОТАН ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРГЕНБІЗ!»

Әскери прокуратураның дерегінше, 2020 жылдан 2023 жылдың сәуіріне дейін елдің Қарулы күштерінде 270 адам қаза тапқан. Олардың ішінде 86 әскери қызметкер өз-өзіне қол жұмсаған. Сондай-ақ 20 суицид жасау әрекеті тіркелген. Ал «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабымен бар-жоғы бір ғана адам сотталған. Мәселен екі жыл бұрын әскерде жүріп жұмбақ жағдайда қаза болған Қайсар Сұлтановтың анасы мен заңды өкілдері әлі күнге дейін әділдік іздеп жүр. Олар марқұмның өз-өзіне қол салғанына сенбейді.



Биылдың өзінде әскерде бірнеше трагедия орын алды. 18 қыркүйекте Мәтібұлақ ауылында орналасқан №01098 әскери бөлімінде 19 жасар сарбаз Дінмұхаммед Шынарбек өлі табылды. Сонымен қатар, Жетісу облысында тағы бір сарбаз қаза тапты. Ал Алматыда мерзімді әскери қызметтегі сарбаз көпқабатты үйден секіріп кетті. Ол ауруханада ем қабылдап жатыр. Алматы қаласында жас сарбаз Нұрасыл 2025 жылдың күзінде әскерге шақырылып, бар болғаны бір апта өткен соң қаза тапты.

Туысы, баласы азаматтық борышын өтеп, әскери қызметін атқарып жүргенде қаза тапқандардың бір топ ата-аналары Үкімет үйіне барды. Олар Қазақстанның қарулы күштерінде реформа жүргізуді, жапа шеккендерге әділ өтемақы төлеуді талап етті. Сол күні Президент Бас прокурорға ата-аналардың тала-

бын жіті қарауды тапсырды. Бұған қоса олар әскери істерді қайтадан қозғау, әділ тергеу жүргізу үшін арнайы қоғамдық комиссия құру, әскери бөлімдердегі бейнебақылау жүйесін жаңарту, азаматтарды әскерге 25 жасқа толғаннан кейін шақыру сынды 10 шақты ұсынысын айтты.

Жиналғандардың арасында әскерде жүріп қаза тапқан я мүгедек болып қалғандардың, оған қоса әскери қызмет атқарып жүріп сотталған азаматтардың туыстары да болды.

– Қаза тапқан және мүгедек болып қалған сарбаздардың отбасына әділ өтемақы төленсін. Біз, аналар, балаларымызды елді қорғау үшін жібердік. Олар Отан үшін кетті, бірақ кейбірі оралмады. Ал оралғандары мүгедек, жаралы болып, өмір бойына азап шегіп жүр. Ең қиыны, мұндай қайғының орнын ештеңе толтыра алмайды. Мемлекет

тарапынан берілетін өтемақы мардымсыз. Әділдік жоқ, біз ердің құнына өтемақы тастамай, қандайда бір талап етеміз! – деді жиналған адамдар.

Шучинск қаласындағы әскери колледжде оқып жүргенде басына оқ тиіп, ауыр жараланған Ұлан Мұсаевтың анасы Гүлмира Мұқажанова әділет таба алмай жүргенін айтып шағынды.

– Самайдан кірген оқ баламның басын тесіп шықты. Екі метр жердегі бейнекамера таспасы бүлінген. Сот-медицина сараптамасы қаруда баламның саусағының ізі анықталмағанын көрсетті. Бірақ автомат Мұсаев Ұланға тиесілі дейді. Сондай сараптамалар жасалып жатыр. Бұл әділетті ме? Біз баламызды оқ болуға емес, Отан қорғауға жібергенбіз! – деді Гүлмира Мұқажанова назаланып.

Оның ұлы Ұлан Мұсаев бас сүйегінің жартысынан айырылып, көзі көрмей, денесі сал болып қалған. Анасы әскери колледж өкілдерінің «Ұлан өзін атқан» деген сөзіне сенбейді. Тергеу орындары «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бабымен қозғаған қылмыстық іс содан бері бірнеше рет тоқтап, қайта жанданғанымен, әзірге еш нәтиже жоқ. Ұлттық ұланғасын Астанадағы №6636 әскери бөлімінде қызмет атқарып жүргенде қаза тапқан Қайсар Сұлтановтың анасы Сәуле Тілеуберенова ұлы «өзін-өзі өлтірген» дегенге сенбейді. Оның сөзінше, Қайсардың иегінің астынан екі оқ тиген.

– Жеке сараптама жүргіз-

ген сарапшы ұлыңыз бірінші оқ тигеннен кейін-ақ қаза болған деп жазды. Видео жазбалар түгелдей жойылған. Әскери тергеу басқармасы іс бойынша ешқандай тергеу амалын жүргізбеген. Бірақ өзім жинаған айғақтар ұлымның қасақана өлтірілгенін дәлелдейді. Мен өзім үшін ғана емес, бүкіл аналардың атынан әділ тергеу жүргізуді талап етемін, сұрамаймын. Кісі өлтіргендер түрмеге қамалуға тиіс, – деді Сәуле Тілеуберенова.

## МИНИСТРЛІКТИҢ ЖАУАБЫ МЕН ПРЕЗИДЕНТТИҢ ТАПСЫРМАСЫ

Қорғаныс министрілігі азаматтардың шағымын жеке-жеке қабылдағанын айтып, әскердегі қауіпсіздік күшейтіліп жатқаны туралы мәлімдеме таратты.

«Өміріңді сақта», «Заң және тәртіп» және басқа да бағдарламалар іске асырылып жатыр. «Отбасымен бейнебақылау» сервисі арқылы сарбаздардың ата-анасымен тұрақты телефон байланысы ұйымдастырылған. Күнделікті жеке құрамның дене бітімі тексеріледі. Қазармалар мен қызметтен берілген үй-жайларда бейнекамералар орнатылған. Суицидтің алдын алу және қаруға қол жеткізуді бақылау мақсатында жасанды интеллект элементтері бар бейнебақылау жүйесі енгізіліп жатыр», – деп жауап берді Қазақстанның қорғаныс министрілігі.

Ал ата-аналар билікке жеткізген талаптары қалай орындалатынын назарда ұстап, Үкімет жұмысына бір ай бойы бақылау жүргізетінін, егер еш әрекет болмаса, бір айдан кейін Астанаға қайтадан барып, талаптарын тағы да көтеретінін айтты.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асылықовқа әскерде қаза тапқан сарбаздардың ата-аналарынан түскен арыз-шағымды 12 күн ішінде қарап, істі тергеу барысында заңның сақталуына баға беруді тапсырды. Қандағалаушы органның қандай қорытынды берерін уақыт көрсетеді.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



# ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ЖЫНЫСТЫҚ БАҒДАР ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ҚАЙШЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қоғамдық орындарда ЛГБТ тақырыбында іс-шаралар өткізуге де тыйым салынбақ. Бұл өзгерістер қоғамда қызу талқылануда.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршин дәстүрлі емес жыныстық бағдар сынды ұлттық құндылықтарға қайшы келетін әрекеттерді қорғауда дәріптеуге қарсы екенін жеткізді. Әсіресе психикасы қалыптаспаған жасөспірімдердің арасында мұндай насихат жүргізуге жол беруге болмайды. «Егер болашақ ұрпақтың амандығын ойласақ, олардың санасына теріс әсер ететін, ұлтымыздың табиғи болмысына жат нәрселердің таралуына қарсы тұруымыз қажет. Қолданыстағы заңнамада әлемдік және ұлттық мәдениетті дәріптеу туралы 34-бап бар. Сол бапта мәдени, әдеби, басқа да көпшілік іс-шараларда зорлық-зомбылықты, порнографияны және қоғамға жат өзге де құбылыстарды насихаттауға тыйым салынатынын көрсетілген. Біз осы нормаға қосымша ретінде дәстүрлі емес жыныстық бағдарды және педофилияны насихаттау заңмен құдаланатынын нақтылап енгізіп отырмыз. Бұл түзету жұмыс тобының көптеген мүшесі тарапынан қолдау тауып, бірауыздан қабылданды. Енді алдағы уақытта әлемдік мәдениет немесе ұлттық мәдениет аясында өтетін кез келген іс-шараларда ЛГБТ қозғалысын, педофилияны немесе қоғамымызға, ұлттық менталитетімізге жат идеялар дәріптелсе, бұл әрекеттер заң жүзінде құдаланады», – деді депутат.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтаев «балаларымыздың әртүрлі теріс әрекеттердің жетегіне кетіп қалуына мүмкіндік бермеуіміз керек» дей келе, ЛГБТ-ның еркін насихатталуы «қоғамда «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқтығынан». Олардың тайрандауына жол берілмеуі тиіс» дейді.

Ал «Феминита» ұйымының жетекшісі Жанар Секербаева болса Конституция азаматтардың бәріне бірдей құқық бергенін, сондықтан жыныстық ерекшелігі үшін ешкімнің ашық ақпарат таратуына, ақпарат алуына тыйым салу заңға қайшы екенін алға тартуда. Оның сөзінше, мәжіліс отырысындағы спикерлердің зерттеулері ЛГБТ өкілдерінің қауіпті екеніне дәлел бола алмайды.

Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау мақсатында, қоғамдық кеңістікте, бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникациялық желілер мен онлайн-платформалар арқылы педофилияны және дәстүрлі емес жыныстық қатынасты насихаттайтын ақпаратты таратуға шектеу қою үшін заңнамалық өзгеріс енгізуді көздейтін құжатты жақтап кеше Алматы қаласында азаматтық белсенділер мен құқық қорғаушылар арнайы баспасөз мәслихатын өткізді. «Ұлтқа балта шабар ЛГБТ ұйымдарының насихатына жол жоқ!» деген тақырыппен көпшілікті жинаған бұл басқосуға белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Марат Тоқашбаев, «Әкелер форумы» ҚБ-нің өкілі Серікбол Молдаш, заңгер Шолпан Ризабек, актер Айдос Оразай қатысып, пікір білдірді.

Құқық қорғаушы Бағила Балтабаеваның айтуынша, депутаттардың аталмыш заңға бастамашылық етуі петиция институтының жұмыс істеп тұрғанын, биліктің халық пікіріне немқетті қарамайтынын көрсетеді. Әрі бұл дәстүрлі емес жыныстық қатынастарды насихаттауға тыйым салуды қолдаған 50 мыңнан аса азамат дауысының заңшығарушылар назарынан тыс қалмағанының көрінісі.

«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ-ның зерттеулеріне сәйкес респонденттердің сауалнамаға қатысқандардың 90,5%-ы гомосексуалдық қатынастарды қолайсыз деп бағалаған (2021ж.); сауалнамаға қатысқандардың 86,7%-ы бір жынысты қатынастарға теріс пікір білдірген (2022 ж.), 22%-ы ерлі-зайыптылардың бірінің дәстүрлі емес жыныстық бағдарына байланысты ажырасуға дайын екенін айтқан (2022 ж.).

Халықаралық зерттеулердің нәтижелері қазақстандық қоғамда бір жынысты қатынастарды қабылдауға халықтың дайын еместігін көрсетеді. «Фридрих Эберт қорының» тапсырмасы бойынша жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қатысушылардың 70%-ы ЛГБТ қауымдастығының өкілдерімен көрші болғысы келмейтінін жеткізген. Осы әлеуметтік сауалнамалардың нәтижесін әлеуметтік желілердегі жарияланымдар мен айтылған пікірлер, мамандар талдауы да растайды. Оған сәйкес депутаттардың «дәстүрлі емес жыныстық қатынастарды насихаттау мен дәріптеуден қорғау» талабын қазақстандықтардың көпшілігі қолдайды.

Жиын барысында қатысушылар заңдағы өзгерістің дер кезінде, дұрыс қолға алынғанын атап өтті.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

МЕДИАЦИЯ

# МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КҮШІ СОТ ШЕШІМІНІҢ КҮШІМЕН БІРДЕЙ

Қазақ жұртына бітімгершілік жолы жақсы таныс. Ел тарихында дау атаулы билер мен ел ақсақалдарының, сондай-ақ, игі жақсылардың араласуымен шешімін тауып отырған. Медиацияның басты ерекшелігі, мұнда тараптардың жеке мүдделеріне басымдық беріледі. Сондықтан, екі жақтың бір-бірін тыңдап, өзара түсінісуіне барлық жағдай қарастырылған.

Азаматтық сот өндірісінде талап арыз түскен сәттен бастап сот шешімі шығарылғанға дейін, тіпті, сот актісі орындалу барысында да екі жақтың татуласуға мүмкіндігі бар. Азаматтық процесстің кодексте айқындалғандай (17-тарау), азаматтар дау-жанжалды татуласу келісімі, медиация тәртібімен және партисипативтік рәсім, сондай-ақ, осы кодекстің 73-бабына сәйкес, сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы реттей алады. Жалпы алғанда медиация адамдардың өзара диалогына бағытталған. Нәтижесінде қабылданған шешімнің жауапкершілігі тараптардың өздеріне жүктеледі. Медиатордың медиациядағы міндеті дауды дауласушылардың өздері талқылауына, сол арқылы ортақ шешімге келуіне жағдай жасау.

Дау-жанжалды соттан тыс шешудің ең тиімді жолы саналатын медиацияда тараптардың келісімі жазбаша түрде

рәсімделеді. Басты талап, келісім шарт заң талабына қайшы келмеуі және өзгерлердің құқығына нұқсанын тигізбеуі тиіс. Даудың сотта шешілуі ұзақ уақытқа созылса, медиацияда уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігі жоғары.

Халқымыздың «Дау қуған ел жауығар, бәле құмаған сауығар» деген тамаша тәмілі даудың тез бітуі де, созылып кетуі де тараптардың өздеріне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Мысалы, елімізде еңбек даулары алдымен келісім комиссиясында қаралады. Оның шешімімен келіспеген тарап сотқа шағымдануға құқылы. Азаматтық процесстің кодекстің 174-бабына сәйкес, сот тараптардың татуласуы үшін қажетті шараларды қабылдап, процесстің барлық сатысында жәрдемдеседі. Еңбек дауларында медиацияға жүгіну немесе одан бас тарту тараптардың қалауымен жүзеге асырылады. Еліміздің Еңбек кодексінде еңбек қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ, жұмысшылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы дауды сотқа жеткізбей шешу мәселелері жан-жақты нақтыланған.

Медиация институты дамытуға соттар өлшеусіз үлес қосуда. Атап айтсақ, ҚР Жоғарғы Соты әкімдік, кәсіпкерлер палатасы, кәсіподақ ұйымы, ассамблея өкілдерімен меморандум жасау арқылы еліміздің әр өңірінде Ардагерлер алқасы мен Билер кеңесінің құрылуына, мықты медиаторлар шоғырының қалыптасуы-

на көмектесті. Жоғарғы Сот бастамасымен құрылған татуласу орталықтарының жұмысы да нәтижесіз емес. Осыған байланысты соттарда жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасында туындайтын келіспеушіліктер анағұрлым азайды. Медиацияда тараптар келісімді көрсетілген уақытта орындауға міндетті. Мүдделі тарап орындамаған тарапты сотқа беруге құқылы. Осының негізінде атқару парағы шығарылып мәжбүрлі түрде орындатуға болады. Сотқа жүгінушілерге арадағы келіспеушілікті медиация рәсімімен шешудің ортақ пайдасы мен мән-маңызы мүмкіндігінше түсіндіріледі.

Медиациялық келісімнің күші сот шешімінің күшімен бірдей. Талап арызда қамтылмай қалған талаптарды келісім-шартқа қосу екі жақты да қанағаттандыратын шешімге қол жеткізуге жол ашады. Сот шешімі құқық пен заңның негізінде шығарылса, медиация рәсімі тараптардың ортақ келісімін көздейді. Осы себепті, бітімгершілік институты адам құқықтарының әділ сақталуына кепілдік етеді. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі бітімгершілік институтының өркениетті елдерде қолданылуы және мемлекетімізде жаңғырып, қалыптастырылуы үлкен жетістік.

**Мирас АЛЬМУХАНБЕТОВ,**  
Ырғыз аудандық сотының судьясы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАЗЫНА

# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЗЕТ ТІЛГЕ АЙНАЛУЫ ТАЛАП ПЕН НИЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы тұста айтарым – мемлекеттік тілдің мәртебесі биіктесін десек, өзгерісті әркім өзінен, өз отбасынан, өзі қызмет ететін саладан бастауы керек. Отбасында қазақша тәрбие алып, ана тілінің уызына қанып өскен бала қанша тілді меңгерсе де тілін ұмытпайды. Тілін құрметтеген отбасылар ұрпағына Абайдың, Мұхтардың, Мұқағали мен Фаризаның шығармаларын оқытып, ұл-қызын ұлттық рухта тәрбиелеуі маңызды. Сонда шаңырағында дұрыс қанаттанған бала тұзу ұшады.

Сондай-ақ қоғамдағы тілге байланысты түйткілдерді айтудан, жазудан шаршамаған абзал. Себебі қазақтың тілі қазақтан басқа ешкімге керек емес. Әр азамат өзі қызмет еткен салада мемлекеттік тілдің кең қолданылуына мүдделі болып, іс-шараның алдында жүрсе, оң нәтиженің көп күттірмесі анық.

Қазақстанның сот саласында да мемлекеттік тілдің мәртебесіне байланысты туындайтын мәселе аз емес. Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмірдің айтуынша, 2024 жылы мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдегі шығыс құжаттарының үлесі 97,5 пайызды

уатты аударатын аудармашылар жоққа тән. Құқықтық құжаттарды орыс тілінен қазақ тіліне аударудың сапасыздығы құқық нормаларын қате түсінуге түрткі болады. Осыған орай заңгерлік білімі бар кәсіби сот аудармашылар шоғырын қалыптастырсақ ұтымды болар еді.

Төртіншіден, мемлекетті тілді үйрететін, қазақша сөйлеуге дағдыландыратын арнайы оқу курстары, оқулықтар мен көмекші құралдар тапшы. Мұндай салмақты орталықтар болмаған соң, тіл үйренуге ынталы жандардың қызығушылығы азайып, ақшасы бекер кетуде. Сондықтан, әр мекеме, әр құрылым қазақша оқу курстарын дайындап,

путат, министрлердің мемлекеттік тілді білуін міндеттеу шарт. Мемлекеттік қызметте өзін сынағысы келген үміткерлердің мемлекеттік тілді білуі талап етілуі керек.

Қазіргі кезде қазақ тіліндегі сот істерінің санын көбейтіп қоймай, олардың заңдық сауаттылығын қамтамасыз етуге басымдық берілген. Ол үшін кадрларды кәсіби даярлауды жетілдіру және мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасау аса өзекті. Десек те, отандық сотта мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлес салмағының аз болуы сот қызметіне, судьялар мен мамандардың ынта-тілегіне бай-

...қазақ тілінің қолданысына қатысты талапты көтерген абзал. Мысалы Президент, судьялардың ғана емес, кез келген мемлекеттік қызметкердің, депутат, министрлердің мемлекеттік тілді білуін міндеттеу шарт. Мемлекеттік қызметте өзін сынағысы келген үміткерлердің мемлекеттік тілді білуі талап етілуі керек. Мемлекеттік тілді меңгермегендерді мемлекеттік қызметтің маңына жолатпаған жөн. Екін, халқын сыймайтын қоғамда солай болғаны дұрыс.



құраған. Енді соттарда мемлекеттік тілде қаралатын істерді көбейте алсақ, мерейіміздің өскені.

Ресми деректерге сүйенсек, 2024 жылы республика соттарында 48 мыңға жуық іс қаралған. Бірақ соның тек 22 719-ы мемлекеттік тілде таразыланған. Бұл жалпы іс жүргізудің 48 пайызын құрайды. Мұның себебі неде? Неге қаралған сот істеріндегі мемлекеттік тілдің үлесі аз? Енді осы себептерге тоқталып кетейік.

Біріншіден, құқық, заң саласындағы терминдерді әлі күнге қазақша сөйлете алмай келеміз. Терминдерде бірізділік жоқ. Шатасу, әртүрлі тіркестерді қолдану басым. Құқықтық терминдердің бірыңғай базасының болмауы мемлекеттік тілдің құқықтық салаға енгізілуін тежейді. Содан келіп құзырлы оған өкілдері де, жеке тұлғалар да сотқа арызын жаттанды траферетке салып, орыс тілінде беруге ынталы.

Екіншіден, мұндай кемшілік еліміздегі заң шығармашылық саласының дамуына да кедергі. Соның кесірінен тәуелсіз елдің мемлекеттік тілінде тек үш заң қазақша жазылған. Қалғаны әуелі орысша дайындалып, кейіннен қазақшаға аударылған. Көптеген құқықтық құжаттар, нормативтік құқықтық актілер мен сот шешімдері орыс тілінде жасалғандықтан, судьялар мен адвокаттар көбінесе қазақ тіліндегі заңдық тұжырымдардағы қателіктерден қорқып, орыс тілінде жұмыс істегенді жөн көреді. Бұл да тілді бағаламаудың, аудармаға атүсті қараудың айқын көрінісі.

Үшіншіден, мемлекеттік тілде заң терминологиясын меңгерген жоғары білікті мамандар тапшы. Заңдық құжаттарды сапалы, са-

тәжірибеге енгізсе, бәсеке де, тілді үйренушілер де көбейер еді.

Бесіншіден, біздің елімізде қазақша сапалы дайындалған контент аз. Соның кесірінен балалар орыс, ағылшын тіліндегі мультфильмдер мен бағдарламаларды көріп, тыңдап өсуге мәжбүр. Қазақ тіліне деген қамқорлық, баспасөз, сайт, портал, радио және телеарналардың мемлекеттік тілде таратылғандықтан, заңгерлер мен күштік құрылым қызметкерлерінің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде білмейтінін жиі байқаймыз. Бұл заңгерлерді дайындайтын жоғары оқу орындарындағы кемшілікті анық көрсетеді. Соған орай білім ордаларында қазақ тілін үстірт үйретіп қоймай, қазақтілді мамандарды дайындауға басымдық берсе орынды болар еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында: «Қазақ тілі – ұлтаралық қатынас тіліне айналу керек», – деп мемлекеттік тілдің болашағына қатысты болжам мен бағдарды айқындады. Ал туған тіліміз мұндай мәртебеге ие болуы үшін қолданысы бұрынғыдан да жоғары болып, ел ішіндегі беделі биіктеуі тиіс. Мемлекеттік тілдің Президент айқындаған биік межеден табылуы өзімізге байланысты. Әрбір адам, әрбір құзырлы орган қазақ тілінің дамуына, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға өзіндік үлесін қосқанды ғана қазақ тілі қажет тілге айналарын ұмытпайық!

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деген Қадір ақынның сөзін ұрпақ құлағына құйып өсірейік.

Сегізіншіден, қазақ тілінің қолданысына қатысты талапты көтерген абзал. Мысалы Президент, судьялардың ғана емес, кез келген мемлекеттік қызметкердің, де-

ланысты емес. Ең алдымен Азаматтық процесстік кодексіне, Қылмыстық-процестік кодексіне, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне іс материалдары мен талап-арыздар сотқа қай тілде түссе, іс сол тілде қаралатыны нақтыланған. Сондықтан, заңды желеу етіп талап арызын өзге тілде жолдағандарға тыйым салуға, іс жүргізу тілін тараптардың келісімінсіз өзгертуге соттардың құзыреті жоқ.

Сот судьялары осыған орай мемлекеттік орган өкілдерімен, банк, қаржы ұйымдарының қызметкерлерімен, адвокат, заңгер, сот орындаушылардың қатысуымен түрлі басқосу ұйымдастырып, мемлекеттік тілге байланысты түйткілдерді бірігіп шешуге талап жасап келеді. Әрине, ауқымды мәселенің бір күнде шешімін таппайтыны түсінікті. Дегенмен, осындай жиындардың әсері бар екенін мойындауымыз керек.

Заң кадрларын тілдік даярлаудың жеткіліксіздігі де өзекті. Судьялар, прокурорлар мен адвокаттардың, заңгерлер мен күштік құрылым қызметкерлерінің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде білмейтінін жиі байқаймыз. Бұл заңгерлерді дайындайтын жоғары оқу орындарындағы кемшілікті анық көрсетеді. Соған орай білім ордаларында қазақ тілін үстірт үйретіп қоймай, қазақтілді мамандарды дайындауға басымдық берсе орынды болар еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында: «Қазақ тілі – ұлтаралық қатынас тіліне айналу керек», – деп мемлекеттік тілдің болашағына қатысты болжам мен бағдарды айқындады. Ал туған тіліміз мұндай мәртебеге ие болуы үшін қолданысы бұрынғыдан да жоғары болып, ел ішіндегі беделі биіктеуі тиіс. Мемлекеттік тілдің Президент айқындаған биік межеден табылуы өзімізге байланысты. Әрбір адам, әрбір құзырлы орган қазақ тілінің дамуына, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға өзіндік үлесін қосқанды ғана қазақ тілі қажет тілге айналарын ұмытпайық!

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деген Қадір ақынның сөзін ұрпақ құлағына құйып өсірейік.

ПАЙЫМ

Конституциялық Соттың құрылып, жұмысын бастағанына екі жылдан аса уақыт өтті. Осы аралықта мәртебелі құрылым өзіне жүктелген міндетті талапқа сай орындап, жоғары межеден көріне білді.

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ – ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫНДЫҒЫНДА

Конституциялық соттар бүгінде әлемнің жетпістен астам елінде жұмыс істейді. Әрине, жаңашылдықты қолға алар тұста қателіктерге жол бермес үшін осы елдердің тәжірибесі жан-жақты сарапталды. Соның ішінде конституциялық реформаны жүргізу, Конституциядағы ережелерді анықтау, «Конституциялық Сот туралы» заңды әзірлеу кезінде жоғарыдағы жетпіс елдің озық үлгілері назарда ұсталып, ұлттық менталитетімізге сай тұстары қаперге алынды. Конституциялық Соттың ешбір кідіріссіз, нәтижелі жұмыс істеуінің бірден-бір себебін де біз осы тұстан іздеуіміз керек.

Конституциялық Соттың Конституциялық Кеңестен басты ерекшелігі – халыққа жақындығында. Себебі, бұған дейін азаматтардың Конституциялық Кеңеске тікелей жүгінуге мүмкіндігі жоқ еді. 27 жылға жуық қолданыста болған Конституциялық Кеңес тұсында халықтың өз мұңын, заңдардағы қайшылықтар мен қателіктерге қатысты өз уәжін тікелей жеткізуге құзыреті болмады. Ал Конституциялық Сот құрылған кезден бері азаматтардың бұл органға батыл барып, елдегі заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сай екендігіне дау айтуына жол ашылды.

Конституциялық Соттың өкілеттігі кең. Бұл құрылым Президент пен Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығын қарап, Конституция нормаларына ресми түсініктеме беруге, Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін зерделеп, халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін Конституцияға қайшы келмеуін қарастыруға тиіс. Бұдан бөлек бұл органға Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, Бас прокурор мен азаматтардың тікелей жүгінуді де заңмен реттелген.

Конституциялық Сот мемлекеттік билік тармағына кірмейтін, тәуелсіз мемлекеттік орган болғандықтан, оған үлкен сеніммен жүгінетіндер қатары қалың. Содан болар, құрылым қызметіне кіріскен алғашқы аптаның өзінде еліміздің әр өңірінен 350-ден астам өтініш түскен. Міне содан бері Конституциялық Сотқа өтініші мен тілегін, ұсынысы мен қарсылығын жолдайтындар саны азайған емес. Бұл да болса сенімнің нақты көрсеткіші.

Талдау көрсеткендей, азаматтар жүгінетін тақырып әртүрлі. Әсіресе, жұртшылық өзінің заңдық құқығын пайдалана отырып қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша нақты сот шешімдерімен келіспеу туралы өтініштерін жиі жібереді. Соның ішінде қолданылған жазаға, олардың мөлшеріне, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тарту туралы шешімге, талап қиюдан бас тартуға, моральдық зиянды өтеуге, мемлекеттік баждың мөлшеріне қатысты дау айтып жатады. Конституциялық Сот осы сот шешімдері негізінде және оларды қолдану арқылы шығарылған заңдарды, өзге де нормативтік актілерді Конституцияға сәйкестігіне қарай қарап, азаматтарға түсінікті тілде өз жауабын ұсынады. Дегенмен, азаматтарға Конституциялық Сотқа жазылған шағым шешімге қарсылық емес, сол шешімге түрткі болған заңның және өзге де нормативтік құқықтық актінің конституцияға сәйкестігін тексеруге негізделуі тиістігін нақты түсіндіру қажет. Конституциялық Сотқа жүгінудің сауатты, заңды тетігін азаматтар теңге меңгерген кезде ғана, бұл құрылымның жұмысы жүйеленіп, оң нәтиже орын аларын қаперде ұстаған абзал.

Фарида ОРАЗБЕКОВА,  
Ақтау қаласы мамандандырылған  
тергеу сотының бас маманы

ОҢ ҚАДАМ

## САҚТАНДЫРУШЫЛАР ҮЗДІК СТУДЕНТТЕРГЕ СТИПЕНДИЯ БЕРМЕК

Қазақстандық сақтандырушылар үлгерімі үздік студенттерге стипендия тағайындап, оларды жұмыспен қамтитын болады.

Бұл келісім әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің «Ақуарлық математика» бағдарламасында білім алып жатқан студенттер мен магистранттарына арналған «Freedom Insurance» сақтандыру компаниясы өкілдерімен кездесуде жасалды. Сондай-ақ сақтандырушылар үздік бакалавриат студенттеріне ай сайын 100 000 теңге көлемінде стипендия тағайындауды жоспарлап отыр. Ал үздік үлгерім көрсеткен ақылы бөлім студенттеріне компания оқу ақысының 50 пайызы мөлшерін өтеуге дайын.

Бұл шара Механика-математика факультетінің Есептеу ғылымдары және статистика кафедрасы, физика-математика ғылымдарының докторы, лицензияланған актуарий Мирболат Сиховтың бастама-сымен және кафедра меңгерушісі Алмас Темірбеков пен орынбасары Зоя Сүлейменованың қолда-

уымен ұйымдастырылды. Жиында «Freedom Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Азамат Керімбаев сақтандыру нарығындағы өзекті үрдістермен бөлісіп, тәуекелдерді модельдеудің тетіктері мен актуарлық есептердің практикалық қолданылуы жайында әңгімеледі. Ал Актуарлық есептеулер департаментінің директоры Айжан Шукатаева мен Деректерді талдау департаментінің директоры Жанат Романова мәліметтерге негізделген өнімдерді бағалау және реттеу, Solvency талаптарына сәйкестік және андеррайтинг мәдениеті туралы өз ойларымен бөлісті. Бұдан бөлек Сақтандыру компаниясы арнайы аудиторияларды жабдықтап, студенттерді қажетті техникамен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

**ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН**

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ИНСТИТУТЫН ЖАНДАНДЫРУ ӨЗЕКТІ

Жуырда Парламент Мәжілісінде бірқатар заңнамалық құжат қабылданып, Сенатқа жіберілген болатын. Солардың бірі – «Әкімшілік әділет саласын жетілдіру және кеңейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда әкімшілік әділет институты жұмыс істей бастағаны белгілі. Бұл бір тарап мемлекеттік орган болатын жария-құқықтық даулар бойынша азаматтардың құқықтарын сот арқылы қорғаудың жаңа форматы. Әкімшілік әділеттің енгізілуі Мемлекет басшысы бастаған сот реформасындағы маңызды қадам.

Бұрын мұндай даулар жалпы юрисдикция соттарында Азаматтық процесстік кодекстің ережелеріне сәйкес қаралатын, көбінесе тараптардың теңсіздігіне әкелуші еді. Әкімшілік әділет дәлелдеу ауыртпалығын мемлекеттік органға ауыстыру және енді қажетті дәлелдемелерді өз бастамасы бойынша сұрай алатын соттың белсенді рөлін қамтамасыз ету арқылы бұл теңгерімсіздікті жойды.

Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімовтің айтуынша, жаңа құжатта бірқатар бағыт бойынша нақты талап айқындалды. Олардың негізгілеріне тоқталып өтетін болсақ, біріншіден, жария-құқықтық даулардың жекелеген санаттары Азаматтық процесстік кодекстен Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне ауыстырылады. Бұл шара әкімшілік іс жүргізу саласындағы заңнаманың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге, азаматтық және әкімшілік істерді ажыратуға бағытталған. Екіншіден, Азаматтық процесстік кодекстің 30-тарауы, яғни «Нормативтік құқықтық актінің заңдылығына шағымданатын істер бойынша іс жүргізу» әкімшілік әділет саласына берілмек. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты қызметінің нақты бағыттары

және конституциялық іс жүргізу мен заңға тәуелді актілердің заңдылығына шағымданатын іс жүргізуді нақты ажырату қажеттілігін ескере отырып әзірленді. Осылайша, кез келген азамат әкімшілік сотқа мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар шығарған заңға тәуелді актіні немесе оның жеке ережелерін даулау туралы талап арыз бере алады. Үшіншіден, әкімшілік рәсімдер туралы заңнама жетілдірілуде. Бұл шара сотқа дейінгі дауларды шешу рәсімін жетілдіруді, әкімшілік рәсімдерді есептеу мерзімі мен тәртібін нақтылауды, тыңдау рәсімін үш күннен бес күнге дейін ұзартуды көздейді. Сол арқылы мәселелерді жан-жақты және объективті қарау қағидатын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жұмыс тобының заң жобасын қарауы барысында заң шығаруды ғылыми тұрғыдан қолдауға қатысты ережелер енгізілді. Бұл заң шығару процесіндегі заң ғылымының рөлін күшейтуге және құқықтық актілердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдау әкімшілік рәсімдердің тиімділігін арттыруға, әкімшілік әділетті заң үстемдігінің маңызды элементі ретінде одан әрі дамытуға ықпал етеді деген үміт бар. Заң жобасын қарау барысында жетекші комитет Әділет министрлігі, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура, мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен 28 жұмыс тобының отырысын өткізді. Барлық ұсыныстар мұқият талқыланып, әзірленді, ал Мәжілістің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң пікір білдірді.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**  
«Заң газеті»

**САРАП**

## БАЛА ТӘРБИЕСІ ЕКІ ЖАҚТЫҢ ТА МІНДЕТІ

Азаматтық істердің арасында неке-отбасы (ерлі-зайыптылық) қатынасын туындайтын даулар саны көп. Соның ішінде кәмелетке толмаған балаларды бағып-қаулау арналған алиментті өндіріп алу туралы мәселе күрделі болып тұр.

Қазақстан Республикасы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 138,139-бабына сәйкес, ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Егер ата-ана өзінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері заңмен реттелген. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде, сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын: бір балаға – ата-ана табысының және өзге де кірісінің төрттен бір бөлігін; екі балаға – үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады. Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін. Алимент алушыларға қатысты кең тараған мәселенің бірі алимент төлеуге міндетті борышкерлердің нақты табысын жасыруы немесе табысының жоқтығын мәлімдеуімен байланысты болып отыр.

Кәмелетке толмаған балаларға төленетін алимент бойынша берешектің мөлшерін алимент төлеуге міндетті адамның алимент өндіріп алынбаған кезеңдегі жалақысы мен өзге де кірісін негізге ала отырып, сот орындаушысы айқындайды. Егер алимент төлеуге міндетті адам осы кезеңде жұмыс істемеген болса немесе оның табысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар тапсырылмаса, алимент бойынша берешек сол берешекті өндіріп алу кезіндегі Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақының мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

Сонымен қатар, егер ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан

астам орындамауы не кәмелетке толған еңбекке қабілетті адамның өзінің еңбекке қабілетсіз ата-анасын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам жалтаруы не еңбекке қабілетті адамның еңбекке қабілетсіз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден алты айдан астам жалтаруы Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын көбісі біле білмейді.

Енді тәжірибеде кездескен істерге шолу жасасақ. Мәселен, Байғанин аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 139-бабымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты іс қаралды. Онда 2014 жылы сот бұйрығының негізінде сотталушыға жәбірленушінің пайдасына кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағу үшін табысының және өзге де кірісінің ¼ бөлігі мөлшерінде алимент төлеу міндеттелген. Алайда алимент төлеу міндеті үш айдан астам уақыт орындалмаған, алимент бойынша берешекті өтеуге шаралар қолданылмаған, жеке сот орындаушысының қаулысына сай сотталушының 2014 жылдан бастап алимент бойынша берешегі 5 914 350,25 теңгені құраған.

Жаза қолдану кезінде сотталушының қылмыстағы кінәлілігі іс материалдарымен дәлелденіп, жасаған әрекетін онша ауыр емес қылмыс санатына жатқызып, жас баласының болуы және кінәсін толық мойындап, шын ниетпен өкінуін қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай деп танып, оған 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Қорыта айтқанда, ата-ана баланы дүниеге алып келгеннен кейін жауапкершілікті сезініп, бала тәрбиесі екі жақты та міндеті екенін ұғынғаны жөн. Бірақ қазіргі қоғамда бұл жауапкершілікті сезінбейтіндер көп-ақ. Өз баласының тағдырына жауапсыз қарайтын ата-анаға заңмен шара қолданбасқа амал жоқ.

**У.АЙТЖАНОВА,**  
Байғанин аудандық сотының  
төрағасы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**КЕҢЕС**



## ТӨРАҒА МАҢҒЫСТАУДА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев Маңғыстау облысында жұмыс сапарымен болды. Жаңаөзен қаласында сот төрелігін жүзеге асыру мәселелері бойынша аймақтың сот корпусымен кешпелі кеңес өткізді. Кеңеске облыстық соттың, Жаңаөзен қалалық сотының басшылығы мен судьялары, сондай-ақ Сот әкімшілігі облыстық департаментінің басшылығы қатысты.

Кеңес барысында облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Исатай Сматов, облыстық соттың қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі сот алқалары төрағаларының міндетін атқарушы Ержан Қарабаев пен Гүлажар Бақытжанова, Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы Бауыржан Тоқбаев жұмыс барысы мен нәтижелерінен хабардар етті.

Асламбек Мерғалиев өз сөзінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін кеңейтуге, адам құқықтарын қорғау



жүйесін нығайтуға және сот билігінің тәуелсіздігін арттыруға бағытталған шаралар туралы айтты. Ол сот төрелігіне кедергісіз қол жеткізуді, сот практикасындағы біркелкілікті және соттардың талдау жұмысын күшейтуді қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды.

Кездесу барысында Асламбек Мерғалиев судьялардың сот инфрақұрылымын дамыту және цифрландыру процестеріне қатысты сұрақтарына жауап берді. Судьялар сот процесіне қатысушылардың IT-технологияларын пай-

далану, Әкімшілік әділеттің тиімділігі және сот жүйесінде жүзеге асырылып жатқан жалпы реформалар туралы оң пікірлерін ортаға салды.

Төраға қоғам әділ сот ісін жүргізудің, азаматтардың құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейін және сот төрелігінің сапасын көруі маңызды екенін атап өтті. Ол сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілікпен қарау керектігін, сондай-ақ сот қызметінің сапасын үнемі бақылау және аза-

маттар өтінішін уақытылы қарау қажеттілігіне баса назар аударды. Сонымен қоса, сапар аясында Жоғарғы Сот төрағасы азаматтарды қабылдап, түскен өтініштер бойынша тиісті тапсырмалар берді.

Сапар соңында Асламбек Мерғалиев сот жүйесінің ардагері Аралбай Нағашыбаевқа сот жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін алғыс айтып, көпшілік алдында «Сот жүйесінің ардагері» медалін табыс етті.

**Жоғарғы Соттың  
баспасөз қызметі**

**БАҒДАР**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫ КАДРЛЫҚ САЯСАТПЕН ТАМЫРЛАС

Мемлекеттік қызмет – елдің басқару жүйесінің тірегі, қоғам мен мемлекетті байланыстыратын басты көпір. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттің саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйелерін тиімді басқаруға жауапты тұлға болып табылады.

Мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан мемлекеттік қызметті заман талабына сай дамыту – басты міндеттердің бірі.

Біріншіден, мемлекеттік қызметтің сапасы кадрлық саясатқа тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметтің тиімділігі көбіне қызметкерлердің кәсіби деңгейіне және білімділігіне байланысты. Бұл ретте Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлер саны артқанымен, кәсіби дайындық деңгейі мен тәжірибесінің әртүрлілігі байқалады. Соған орай кадрларды тандаудағы объективтілік пен ашықтықтың болмауы, сонымен қатар мемлекеттік қызметте жұмыс істейтін адамдардың кәсіби дағдыларын үздіксіз жетілдіру қажеттілігі ерекше назар аударуды қажет етеді.

Екіншіден, мемлекеттік қызметті цифрландыру – уақыт талабы. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің тиімділігін аттыруда цифрландыру мен ақпараттық технологиялардың маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Электронды үкіметтің дамуы мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруда қажетті қадам болып табылады. Алайда, бұл үрдіс көптеген мемлекеттік органдарда толыққанды жүзеге асырылмаған, ақпараттық жүйелер арасындағы үйлесімділік пен мамандардың жеткіліксіздігі сияқты қиындықтар кездеседі.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы да сын көтермейді. Мемлекеттік қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуы мен еңбек жағдайлары – мемлекет тарапынан ерекше назар аударуды қажет ететін мәселе. Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы мен әлеуметтік пакеттері жеке сектордағы қыз-

меткерлердің деңгейінен төмен. Бұл өз кезегінде жоғары білікті мамандардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығын төмендетіп, кадр таңдауды қиындататын фактордың бірі. Мемлекеттік қызметтің беделін арттыру үшін, әлеуметтік қолдау шараларын және жалақыны арттыру қажет.

Төртіншіден, қоғамдық бақылау және есеп беру. Мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік органдардың қызметіне қоғамдық бақылау жасау маңызды. Қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік қызметшілердің жұмысына ашық және жүйелі бақылау жүргізуге тиіс. Осы арқылы мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі арттырылып, тиімділігі күшейтіледі. Сонымен қатар, есеп беру мен халықпен кері байланыс орнату мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартуға ықпал етеді. Бюрократия мен парақорлық – мемлекеттік қызмет жүйесінде кеңінен таралған мәселенің бірі. Атап айтқанда, мемлекеттік органдарда іс жүргізу рәсімдері тым күрделі және көп уақытты алады, бұл азаматтардың қызметке қолжетімділігін қиындатады.

Сонымен қатар, парақорлық мемлекеттік қызметтің беделіне айтарлықтай нұқсан келтіреді, ол заңды бұзушылардың жауапкершілігін жеңілдетуге әкеледі. Осы мәселелерді шешу үшін заңнамалық реформалар мен бақылау жүйесін күшейту қажет.

Мемлекеттік қызметті дамытудың өзекті мәселелері өте көп әрі күрделі. Оларды шешу үшін мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту, ақпараттық технологияларды енгізу, қоғамдық бақылауды күшейту және әлеуметтік жағдайды жақсарту керек. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметке кәсіби, білікті және адал қызметкерлерді тарту үшін нақты шаралар қабылдануы тиіс.

**Н.САМЕНДИРОВА,**  
Ақтау қаласы әкімшілік құқық  
бұзушылық жөніндегі  
мамандандырылған сотының  
әкімшісі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Себебі, тергеу органы тарапынан Бас прокурордың нұсқауының және ҚПК-нің қылмыстық істі тіркеуге қатысты талаптары бұзылған, яғни арыз иесімен аудиттік тексеру, ревизия қорытындысы, залал сомасын растайтын құжаттар ұсынылмаған. Егер әрбір адам қанша ақша жоғалғанын білмей тұрып, кімнің жымқырғанын көзі жетпей тұрып полицияға арыздана берсе, әрі оны полиция сүзгіден өткізбей тіркеп, тексеретін болса, айналамызда заңға, құқықтық құрылымдарға өкпелі жандардың саны көбейе бермей ме? Бұл – мемлекеттің құқықтық саясатына ғана емес, азаматтардың мүддесіне қарсы жасалған қадам.

**– Қылмыс орбитасына заңсыз тарту деректері көп пе?**

– Бүгінгі таңда бизнес субъектілеріне де қатысты басталған барлық қылмыстық істердің заңдылығы прокурорлар тарапынан жедел түрде зерделеніп, құқықтық баға берілуде. Өйткені, кәсіпкерлерді заңсыз қылмыс орбитасына тарту Бас прокурордың қатаң бақылауында. Соның нәтижесі ретінде, қадағалау тәртібінде Түркістан өңірінде соңғы 3 жылда негізсіз басталған 800-ден аса қылмыстық іс 3 тәулік ішінде тоқтатылған. Осы санның артында қаншама жазықсыз адамның тағдыры, тілегі, сенімі тұр. Міне, сондықтан да біз Мемлекет басшысының жолдауларында жүктелген тапсырмалардың әрқайсысын – азаматтар өмірін, мүдделерін, құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған пәрменді тетік деп қабылдаймыз.

**– «Еститін мемлекет» қағидасы ашықтық пен сенімге құрылған. Ал прокуратура халықтың үнін дер кезінде естіп, шара қабылдай алып отыр ма?**

– «Еститін мемлекет» қағидасының басты формуласы – ашық диалог, қолжетімді қызмет, жедел байланыс. Прокуратураны да халыққа жақын еткен осы қағидалар. Түркістан облысы прокуратурасының бастамасымен кез келген құқық бұзушылыққа тосқауыл қоюда азаматтар белсенділігін арттыру аса өзекті. Осы мақсатта «Бұзушылыққа тоқтам» атты пилоттық жобаны қолға алған едік.

Бүгінде әр ауданда осындай 17 телеграм-бот ашылып, қолданысқа енгізілген. Оның тиімділігі – кез келген азамат өзіне белгілі болған, өзі куәсі болған барлық құқық бұзушылықтар туралы дереу онлайн режимінде оқиға орнын көрсете отырып, құзырлы органдарға хабарлай алады және өз хабарламасы бойынша қандай әрекеттер жасалғанын білуіне мүмкіндік бар. Бұл прокуратура мен азаматтар арасындағы кері байланыстың тамаша үлгісі. Бүгінде телеграм-боттарға бұзушылық туралы 242 хабарлама түскен. Соның ішінде азаматтар интернет-алаяқтық, жол-көлік оқиғасы, көшенің ластануы, жолдың сапасыздығы, бағдарламаның істен шыққаны, қоғамдық орындардағы бұзушылықтар, есірткі өсіру, сақтау бойынша хабарлама берген. Ел ішіндегі заңсыздықтарды құзырлы органдардың бірден байқамауы мүмкін. Ал мына телеграм-бот көптеген заңсыздықтардың дер кезінде анықталып, шешімін табуына жол ашады.

**– Инвесторлар – мемлекеттің дамуына ықпал ететін қуатты күш қана емес, ел мен елдің арасын жалғайтын алтын көпір. Инвесторларды қолдау, ел ертеңіне салынған қаржының мақсатқа сай жұмсалуды қадағалау қалай жүзеге асырылуда?**

– Бұл жұмыста Мемлекет басшысының «Ел экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға қатысты шаралар туралы» Жарлығы басты бағдарға айналған. Осы Жарлыққа сай прокуратураға жүктелген міндет айқын. Ол – бизнесті жүргізу мен инвестиция тарту үдерісін барынша ашық, түсінікті және жеңіл ету. Сонымен



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ, Түркістан облысының прокуроры:

## «ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІҢ БАҒДАРЫ ДА, ҚОРҒАНЫ ДА – ПРОКУРАТУРА»

*Сандық технологияға қатысты сауаттық кемдігі, азаматтардың жеке басына қатысты ақпараттарға салғырт қарауы салдарынан кибер алаяқтық күн санап көбеюде. Цифрлық кодекс – сандық технологияны қару еткен қылмыскерлерге тосқауыл қоюдың пәрменді құралы болуы тиіс. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалады деп күтілуде.*

Инвестжобаға қатысты сұрақ туындаса, прокуратура органына немесе «WhatsApp» мессенджеріне жазба қалдыра отырып, шағым түсіруге болады.

**– Құқықтық зайырлы мемлекетте азаматтар зорлық көрмей, азаптауға ұшырамауы маңызды. Бірақ, күнделікті өмірде мұндай жағдайлардың орын алып жататыны жасырын емес. Бүгінде азаптаумен байланысты қылмыстық істерді тергеп-тексеру прокуратураға жүктелгенін білеміз. Қадағалаушы орган азаптауларға қарсы тұра алып отыр ма?**

– 2023 жылы Түркістан облысының прокуратурасында азаптау фактісі бойынша 51 қылмыстық іс тіркелген. Осы тіркелген 4 қылмыстық істе азаптау қылмысын 11 полиция қызметкері жасаған. Халықты қорғайды, қолдайды деп жүрген полицейлердің азаптау әрекеттерінің ортасында жүруі, әрине, өкінішті. Алайда, біз әлі күнге мұндай теріс әрекеттерден арылмай келеміз. Кешенді іс-шаралардың арқасында азаптау қылмысының тіркелу динамикасы күрт азайып, 2024 жылы 18 іс тіркелсе, олардың барлығы қылмыс құрамы болмауына байланысты тоқтатылды. Ал 2025 жылы азаптау бойынша 1 ғана іс тіркелген. Осының өзі прокуратураның үйлесімді жұмысын көрсетсе керек.

Өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқару үшін облыстық прокуратура

полиция ғимараттарындағы бейнебақылау камераларының толық жұмыс істеуіне, «соқыр» аймақтардың, заңсыз ұсталған, жеткізілген азаматтардың бар/жоғына, прокурор бөлмесінің жабдықталуына мән беріп, тұрақты тексеруде. Кешенді жұмыстар нәтижесінде облыстық полиция бөлімдері толық бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілді.

**– Президенттің жолдауында жаңа технология жетістіктерін барлық сала жұмысына пайдаланып, жасанды интеллект көмегіне жүгінудің кезек күттірмейтіні айтылды. Прокуратура өз қызметінде сандық технология мүмкіндіктерін қаншалықты қолданады?**

– Цифрлық ел болу бір күннің болмаса бір сәттің мәселесі емес. Бұл көп болып жұмыла атқаруды қажет ететін ауқымды іс. Әрі біз сандық технология жетістіктерімен бүгін ғана бетпе-бет келіп тұрғанымыз жоқ. Азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бойынша іс-шаралардың қолға алынып, оң нәтиже бергеніне біраз уақыт болды. Соның ішінде Прокуратура тарапынан жасалған бірқа-

және нәтижесін жүйелі бақылап отыратынын да айта кеткен орынды. Бұдан бөлек, «Ахуалдық орталық», «Георкарты», «Сот кабинеті» және т.б. ақпараттық жүйелер күнделікті қолданылуда, бұлар өз кезегінде жұмыс барысында тиімділігін көрсетіп келеді.

Қазақтың маңдайалды жазушысы Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш шарт керек: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң тәртіп керек», – деген екен. Сол айтпақшы, елдік мұратқа көп болып ұйып, күш біріктіргенде ғана жетуге болады.

**– Прокуратура тарапынан қолға алынған сандық жобалардың нәтижесі қандай? Ізденістер ел көңілінен шығып жатыр ма?**

– Прокуратурадағы кез келген жоба, әрбір бастама – терең ізденіспен тынымсыз еңбектің нәтижесі. Көпшіліктің көңілінен шыққан, азаматтардың қажетіне жараған жобалар ғана өміршең. Біз осындай өміршең жобалар дайындауға күш саламыз. Мысалы комитет порталында адамдарды іздеу бойынша 5 бөлім бар. Соның арқасында алимент бойынша берешегі бар азаматтардың тізімін іздеу өте жеңіл. Али-

мент төлеуден жалтарғандарға, сот орындаушылары белгілі бір шектеулер қоятыны белгілі. Әрі мұндай борышкерлер іздеу тізіміне енгізіледі. Біздің қызметімізде осындай іздеуде жүрген мыңға жуық адам бар.

«Балаларды іздеу» деп аталатын бөлімде 7 жасқа дейінгі жоғалған балаларға қатысты ақпарат жинақталған. Порталда қылмыскерлерді, борышкерлерді және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу барынша ыңғайлы. Мұнда кез келген адамның іздеуде екенін тексеруге болады. Мысалы, сіз жұмысшылар тобын жалдайсыз, өзіңізді және отбасыңызды қорғау үшін порталға олардың атын енгізіп, іздеуде тұрған, тұрмағанын білу оңай.

Прокуратура қылмыстық, әкімшілік және азаматтық-құқықтық салаларда құқықтық статистиканы жинап қана қоймай, ақпаратты алу-дың ыңғайлы әдістерін де дамытып жатыр. Біздің ерекшеліктерімізге сүйене отырып, қылмыстардың, әкімшілік құқық бұзушылықтардың толық және сенімді статистикасына қол жеткізуге болады.

**– Биылғы жолдауда Мемлекет басшысы цифрлық кодексті дайындаудың маңызды екенін атап өтті. Бұл кодекс қолданысқа енсе, не өзгеруі мүмкін?**

– Сандық технологияға қатысты сауаттық кемдігі, азаматтардың жеке басына қатысты ақпараттарға салғырт қарауы салдарынан кибер алаяқтық күн санап көбеюде. Цифрлық кодекс – сандық технологияны қару еткен қылмыскерлерге тосқауыл қоюдың пәрменді құралы болуы тиіс. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалады деп күтілуде.

**– Өтінішімізді ескеріп, сұхбат бергеніңіз үшін рақмет! Елдің қорғанына айналған прокуратураның жұмысы алға баса берсін!**

Түймегүл ИБАШЕВА,  
«Заң газеті»

БЕЗБЕН

Елімізде соңғы жылдары жол-көлік оқиғаларының жиілеуі қоғамның ең өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Күн сайын ел жолдарында жүздеген апат тіркеліп, адамдардың өмірі қиылып, жарақат алғандар саны артып келеді. Бұл тек құқық қорғау органдарының жұмысы ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ мәселесіне айналды.

## КӨЛІК ЖҮРГІЗУ МӘДЕНИЕТИ НЕГЕ ТӨМЕН?

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі жолдауында жол қауіпсіздігі тақырыбына арнайы тоқталып, нақты тапсырмалар берді. Президент өз сөзінде: «Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет. Бұл – тек полицияның емес, барша азаматтардың ортақ міндеті», – деп атап өтті. Расында да, еліміздің жолдарындағы құқық бұзушылықтың көбеюі жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жауапсыздығынан туындайтыны жасырын емес.

Ресми деректерге сүйенсек, 2024 жылы Қазақстан Республикасында 31597 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның салдарынан 2579 адам көз жұмып, 40873 адам жарақат алған. Ал 2025 жылдың тоғыз айында жол апаттарының саны 22601-ге жетіп, 1446 адам қаза тапқан, 30929 адам түрлі деңгейде жарақат алған. Сарапшылардың пікірінше, бұл деректер жолдағы құқық бұзушылықтың тек ресми бөлігі ғана, шын мәнінде тіркелмей қалған кішігірім апаттар одан да көп болуы мүмкін. Мұндай мәліметтер жағдайдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетеді.

Жол жүрісі қағидаларын бұзу – құқық бұзушылықтың ең кең тараған түрі. Олардың басым бөлігі жылдамдықты шамадан тыс асырудан, масаң күйде көлік басқарудан және жолдың қарсы бағытына шығып кетуден туындайды. Кейбір

жүргізушілердің ұялы телефонды қолдануы, жаяу жүргіншілердің жолды рұқсат етілмеген жерлерден кесіп өтуі де қайғылы жағдайларға себеп болуда.

Жол-көлік құқық бұзушылықтарының салдары тек жеке адамның өміріне емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігіне әсер етеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, жыл сайын еліміз апаттардың салдарынан шамамен 200 миллиард теңгеден астам қаржы жоғалтады. Бұл – медициналық көмек, жол жөндеу, сақтандыру төлемдері және еңбек өнімділігінің төмендеуімен байланысты шығындар. Ал ең бастысы – адам өмірін ешқандай құндылықпен өлшеу мүмкін емес.

*Ресми деректерге сүйенсек, 2024 жылы Қазақстан Республикасында 31597 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның салдарынан 2579 адам көз жұмып, 40873 адам жарақат алған. Ал 2025 жылдың тоғыз айында жол апаттарының саны 22601-ге жетіп, 1446 азамат қаза тапқан, 30929 адам түрлі деңгейде жарақат алған. Сарапшылардың пікірінше, бұл деректер жолдағы құқық бұзушылықтың тек ресми бөлігі ғана, шын мәнінде тіркелмей қалған кішігірім апаттар одан да көп болуы мүмкін. Мұндай мәліметтер жағдайдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетеді.*

Мемлекет басшысы бұл мәселеге бейжай қарауға болмайтынын айтып, нақты шешімдерді ұсынды. Президент жолдауында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заңнаманы жетілдіру, жол инфрақұрылымын жақсарту



елемізде электросамокат пен скутерлердің көбеюі жаңа қауіп тудырды. Көптеген жағдайда олар қозғалыстың жалпы тәртібін бұзып, жаяу жүргіншілерге кедергі келтіреді. Осыған орай Үкімет бұл көлік түрлерін пайдалануға қатысты арнайы

қағидалар енгізіп, оларды қоғамдық орындарда реттеу шараларын қабылдап жатыр.

Жол қозғалысы қауіпсіздігіне жауапты органдардың жұмысы да жаңғыртылуда. Қазір елімізде 100 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған. Соның нәтижесінде соңғы екі жылда жол ережесін бұзу фактілері 15 пайызға азайғаны байқалады. Дегенмен, бақылау жүйесін жетілдірумен қатар, азаматтардың өз жауапкершілігін арттыру қажет.

Құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының бірі – жүргізушілердің құқықтық білімін жетілдіру және көлік жүргізу мәдениетіне тәрбие-

шектелмеуі тиіс, ең әуелі сана мен мәдениет өзгеруі керек. Сонымен қатар, Үкіметке жолдардың сапасына ерекше көңіл бөлу тапсырылды. Бүгінде кейбір өңірлерде жол жабындарының сапасыздығы, жарықтың жеткіліксіздігі, жол белгілерінің дұрыс орналаспауы және ескіруі апатқа себеп болуда. Мемлекет басшысы жол құрылысына жұмсалатын қаражаттың тиімді пайдаланылуын бақылауды күшейтуді тапсырды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – күрделі және көп салалы міндет. Оның ішінде техникалық, құқықтық, әлеуметтік және мәдени факторлар бар. Ең бастысы – қоғамның белсенді ұстанымы. Егер әр адам жол жүрісі қағида-сын тек қорқыныштан емес, саналы түрде сақтаса, жағдай едәуір жақсарар еді.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу – болашақ ұрпаққа қауіпсіз ел қалдырудың бір жолы. Бұл бағытта құқық қорғау органдары, жергілікті билік, білім беру мекемелері және азаматтық қоғам өкілдері бірлесіп жұмыс істеуі тиіс. Әр адам жолда жүріп, өз іс-әрекетінің салдарын ойлауы қажет. Жол жүрісі қағида-сын сақтау – мәдениеттің, ал мәдениет – өмірдің кепілі.

Қорытындылай келе, жол-көлік құқық бұзушылықтарын азайту – тек мемлекеттік деңгейдегі шара емес, бұл – бүкіл қоғамның борышы. Президенттің жолдауында айтылғандай, «Жолдағы тәртіп – қоғам мәдениетінің айнасы». Егер біз өз мәдениетімізді жоғары ұста-сақ, жолдардағы әр сапарымыз қауіпсіз болмақ. Сондықтан әрбір азаматтың міндеті – жол жүрісі қағидаларын бұлжытпай орындау, өз өміріне және өзгенің тағдырына жауапкершілікпен қарау. Тәртіп – қауіпсіздіктің кепілі, ал қауіпсіздік – өркениетті қоғамның негізі.

**Ертай ҚАРАҒОЙШИЕВ,**  
**Батыс Қазақстан**  
**инновациялық-технологиялық**  
**университеті, Салалық**  
**технологиялар институтының**  
**«Құқық» кафедрасының**  
**аға оқытушысы,**  
**адвокат**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

## 120 МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК АЛДЫ

«Халық заңгері» республикалық акциясы аясында 120 мыңнан астам азамат тегін құқықтық көмек алды. «Заң мен тәртіп» идеологемасын іске асыру мақсатында жақында еліміздің барлық облыс және аудан орталықтарында ауқымды «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті. Бұл іс-шараның ерекшелігі – азаматтарды жаппай қабылдау мүмкіндігінде. Әрбір ниет білдіруші танымал адвокаттар мен білікті заңгерлерден тегін құқықтық кеңес алып, сондай-ақ мемлекеттік органдардың басшыларына тікелей сұрақ қою мүмкіндігін пайдаланды.



Акцияны Бас прокуратура Әділет министрлігімен, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, адвокаттардың, заңгерлердің, нотариустардың және сот орындаушыларының қатысуымен ұйымдастырды.

Осы маңызды әлеуметтік шараның арқасында 250-ден астам қала мен елді мекендегі 120 мыңнан астам қазақстандық өздерін толғандырған құқықтық сұрақтар бойынша тегін әрі білікті кеңестер алды. Акция барысында келушілерге заңдылық пен құқықтық тәртіп мәселелері бойынша түрлі ақпараттық буклеттер таратылды. Мысалы, шетелдік колл-орталықтар азаматтардың телефондарына жаппай қоңырау шалу, фишингтік сілтемелер жіберу және жоғары табысты уәде

ету арқылы оларды «дропперлікке» (банк шоттары мен карталарын үшінші тұлғаларға) тартуымен байланысты интернет-алаяқтықтардың өсуіне орай, азаматтарды бұл қылмыс түрлерінен қорғау бойынша нақты нұсқаулықтар жіберілді. Сонымен қатар, несиелерді ресімдеуді бұғаттау бойынша EGOV.kz және Kaspi.kz қызметтерінің тетіктері жан-жақты түсіндірілді.

Был акцияға 4 мыңнан астам заңгер, адвокат, нотариуспен бірге прокуратура, әділет органдарының, әкімдіктердің, сот орындаушыларының және полицияның басшылары қатысып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді.

**Бас прокуратураның**  
**баспасөз қызметі**

КӨЗҚАРАС

Сот билігінің беделі мен халықтың оған деген сенімі ең алдымен судья тұлғасымен өлшенеді. Судья – заңның ғана емес, ар-ождан мен әділдіктің де айнасы. Сол себепті судья әдеби мәселесі құқықтық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

## СЕНІМ – ЗАҢМЕН ЕМЕС, МІНЕЗБЕН КЕЛЕТІН МӘРТЕБЕ

Судья әдеби – судьяның кәсіби және адамгершілік қасиеттерін айқындайтын мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Бұл нормалар сот төрелігін жүзеге асыру барысында судьяның әдебин, тәлімін, жауапкершілігін көрсетеді. Судья ешқандай ықпалға, қысымға, жеке мүддеге бағынбауы тиіс. Оның шешімі тек заң мен ар-ожданға негізделуі керек. Судьяның тәуелсіздігі – әділ сот төрелігінің басты кепілі.

Сондай-ақ сабыр мен ұстам-

дылық – судья беделінің көрінісі. Сот процесі кезінде әртүрлі эмоциялар туындайды. Мұндай жағдайда судьяның сабырлы, байыпты және ұстамды болуы – оның кәсіби мәдениетінің белгісі. Судья дауласушы тараптарға сыйластықпен қарап, барлығына тең жағдай жасауы қажет.

Бұған қоса, судьяның сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеу әдеби – қоғам алдындағы беделін арттыратын басты көрсеткіш. Киім киісі де ресми, жинақы, ұстамды

болуы тиіс. Бұл тек сыртқы сән емес, сот билігінің салтанаты мен құрметінің белгісі.

Судьяның беделін түсіретін ең қауіпті нәрсе – мүдделестік пен жемқорлық. Әдепті, адал, әділ судья ғана халық сенімін ақтай алады. Сондықтан судья ар-ождан тазалығын бірінші орынға қоюы керек.

Судья әдеби – сот жүйесінің рухани өзегі. Әдеп пен адалдық сақталған жерде ғана әділдік орнайды. Халық сеніміне ие болу – заңмен емес, мінезбен келетін биік мәртебе. Судья әдеби – сол биіктіктің бастауы.

**А.ҚАЗЫБЕКОВ,**  
**Қармақшы аудандық**  
**сотының судьясы**  
**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**

КИЕ

## ҚОҒАМ САПАЛЫ МЕДИАЖОБАЛАРҒА ЗӘРУ

Қазақ тілін дамыту – ұлт болашағының кепілі. Қазақ тілі – халқымыздың жаны, рухы мен мәдениетінің өзегі. Тілдің дамуы – елдің дамуы.

Сондықтан бүгінгі таңда қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мен мәртебесін арттыру – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Қазақ тілін дамыту ең алдымен білім беру жүйесінен басталуы тиіс. Балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру сатыларында қазақ тілінде сапалы, заманауи оқу бағдарламалары жасалуы қажет. Мұғалімдер мен оқытушылар тіл үйретуді тек грамматикамен шектемей, оны өмірмен байланыстыруы тиіс. Тілді қызықты, заманауи әдіспен үйрету – жастардың қазақ сөйлеуге деген ынтасын арттырады.

Қазақ тілді контентті көбейту – заман талабы. Бүгінгі ақпараттық дәуірде тілдің өміршеңдігі оның интернеттегі үлесіне тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі фильмдер, кітаптар, қызықты телебағдарламалар, подкасттар мен әлеуметтік желідегі контент көбейген сайын, тілдің беделі де арта түседі. Мемлекет пен

қоғам бірігіп, қазақ тіліндегі сапалы медиажобаларды қолдауы қажет.

Қазақ тілі тек тұрмыстық қатынаста емес, ресми және кәсіби ортада да кеңінен қолданылуы тиіс. Мемлекеттік мекемелер мен жеке компаниялар іс қағаздарын, жарнамаларды, құжат айналымын толық қазақ тілінде жүргізуді қалыпты жағдайға айналдыруы қажет.

Сондай-ақ қазақ тілінің болашағы әр отбасының ішіндегі қарым-қатынасқа байланысты. Баламен тек қазақ тілінде сөйлесу, оны күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру – ұлттың тілін сақтап қалуының ең тиімді жолы.

Қазақ тілін дамыту – тек мемлекеттік деңгейдегі шара емес, ол әр азаматтың жүрегінен басталатын іс. Біз өз тілімізді қадірлеп, оны күнделікті өмірде қолданған сайын, қазақ тілі шын мәнінде бәсекеге қабілетті, заманауи, әлемдік деңгейдегі тілге айналады.

**Ж.АХМЕТОВ,**  
**Астрахан аудандық сотының судьясы**  
**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ**

## ЖАРИЯ СОТ

# АҒАШТЫ ЗАҢСЫЗ КЕСКЕНІ ҮШІН АЙЫПҮЛ АРҚАЛАДЫ

Ақмола облысы Сандықтау аудандық сотында орман қоры құрамына кіретін, кесуге тыйым салынған ағаштарды заңсыз кесіп, 40 мың теңгеден астам залал келтіргені үшін В.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. (ӘҚБтК-нің 381-1-бабының 2-бөлігі).

Сот анықтағандай, Үлкен Түкті орман (3,7 текше метр қарағайды) заңсыз кесу шаруашылығында В. кесуге тыйым салынған қылқан жапырақты ағаштарды Жаза тағайындауда сот құқықбұзушының



кінәсін мойындап өкінгенін, оның материалдық жағдайын, келтірілген залалды өтегенін және ауырлататын мән-жайлардың болмауын ескерді.

Сот қаулысымен В.-ға 275 мың теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынып, заңсыз кесілген ағаштар мен құқықбұзушылық жасау құралы тәркіленді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы заңсыздықтардың алдын алу мақсатында, сот осындай әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылған тұлғаларды шақырып, жария сот отырысын өткізді.

Ақмола облысы  
Сандықтау аудандық соты

## Баспасөз – 2026

### Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

#### «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,  
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

## ТАРАТУ

2. «Denikin Inc.» ЖШС, БСН 190640011579, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, В.М. Комаров көшесі. Тел.: 8 775 266 10 70.

3. «Табыс Кокше» ЖШС, БСН 170640027750, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, 5-ші Сенной өткелі, 18Л-үй, 20-пәтер, тел. 8 707 658 36 69.

4. «Avis Group» ЖШС, БСН 170740018209, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Евней Букетов атындағы көше, 42-үй, 8-пәтер, тел. 8 707 658 36 69.

5. «СИБЭСТ Казахстан» ЖШС, БСН 100640007435, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Ярослав Гашек атындағы көше, 11-үй, 7-пәтер, тел. 8 707 658 36 69.

6. «СевКазТрейд» ЖШС, БСН 111140017934, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Ярослав Гашек атындағы көше, 11-үй, 7-пәтер, тел. 8 707 658 36 69.

7. «NURKUAT Trade» ЖШС, БСН 161240018043, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Ярослав Гашек атындағы көше, 11-үй, 7-пәтер, тел. 8 707 658 36 69.

8. «Avis Engineering» ЖШС, БСН 201140000582, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Евней Букетов атындағы көше, 42-үй, 8-пәтер, тел. 8 707 658 36 69.

9. «ЭКСТРА ФРУКТЫ (ЭКСТРА ФРУКТЫ)» ЖШС, БСН 200940018988, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Алаш тас жолы, 31/1 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: +7 708 425 43 33.

11. «Food Hub» ЖШС, БСН 220640006590, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абай даңғылы, 89-үй, корпус н.п. 60, т.е.б. 60.

17. «Абдуманап» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 210340016654, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылдық округі, Өндіріс ауылы, Ә. Мұратов көшесі, 78-үй, индекс 160300.

18. «Иж-мебель Алматы» ЖШС, БСН 120940013088, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Кабдолов көшесі, 1/8, блок 2. Тел. +7 777 829 01 01.

19. «НГ-КомпСервис» ЖШС, БСН 100440018740, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ратушный көшесі, 68, 3-кеңсе. Тел. +7 777 175 43 34.

20. «ЭкоПир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220740022635, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі, 141-үй, 65-пәтер, Тел.: +7 778 571 388.

## ӘРТҮРА

10. «Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ (БСН 141240011687) бөліну жолымен «Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ-і және «Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-і болып қайта құрылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Т.Жароков көшесі, №31 үй. Тел. 8 71140-21-2-80.

22. «Кар-Тел» ЖШС, БСН 980540000397, жаңа заңды тұлға – «IZI» ЖШС-ін бөлу жолымен қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Қайта ұйымдастыру «Кар-Тел» ЖШС-нің Жалғыз қатысушысының шешіміне және Белгіш баланстың бекітілуіне сәйкес жүзеге асырылады. Жаңа заңды тұлға туралы мәліметтер:  
Атауы: «IZI» ЖШС  
Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010010, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 2-үй.  
Кредиторлар талаптарын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайға жолдауға болады: Астана қаласы, Қадырғали Жалайыри көшесі, 2-үй, Тел. +7 (727) 3500 035.

16. «Мюктыкуль» ЖШС (БСН 110540011174) өзінің «Джетыгара» ЖШС-не (БСН 110540020024) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде Қостанай қаласы, Шақшақ Жәнібек батыр көшесі, 18-үй мекенжайы бойынша қабылданады.

## МҰРАГЕРЛІК

14. 2023 жылдың 30 желтоқсанында Матай Булбулдың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №941Б ғимарат, №210-211 кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 8 707 162 49 91, 8 778 162 49 93.

### 12. Ақмола облысындағы жолаушылар мен жүкті республикаішілік тұрақты автомобиль тасымалдарының бағдарларына қызмет көрсету құқығына конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

1. «Ақмола облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқарма) 2025 жылғы 18 желтоқсанда сағат 15.00-де Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89-үй, № 309 бөлме мекенжайы бойынша Ақмола облысындағы жолаушылар мен жүкті республика ішілік тұрақты автомобиль тасымалдарының бағдарларына қызмет көрсету құқығына конкурс өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа келесі бағыттар пакеттерді шығарылады:  
Астана – Ерейментау, Астана – Қорғалжын, Астана – Партизанка, Астана – Атбасар, Астана – Запорожье, Астана – Ақкөл, Астана – Аршалы – Михайловка, Астана – Новый Колутон, Астана – Бестөбе, Астана – Егіндікөл – Бауманское, Астана – Ерейментау – Бозтал, Астана – Жалғызқұдық, Астана – Жолымбет, Астана – Изобильное, Астана – Мәдениет, Астана – Есіл, Астана – Шантөбе, Астана – Бурабай, Степногорск – Астана, Державинск – Арқалық (Қостанай облысы), Шүчинск – Бурабай – Имантау (СҚО), Көкшетау – Арықбалық (СҚО), Көкшетау – Астана, Көкшетау – Рузаевка, Көкшетау – Чистополье (СҚО), Көкшетау – Астана (Журавлевка а/ы), Көкшетау – Семей, Көкшетау – Новошиимское (СҚО), Көкшетау – Дружба (СҚО), Көкшетау – Ильич (СҚО), Көкшетау – Калиновка (СҚО), Көкшетау – Павлодар, Көкшетау – Тайынша (СҚО), Көкшетау – Тайынша а/ы Келлеровка (СҚО), Көкшетау – Терновка (СҚО), Көкшетау – Тихоокеанский (СҚО), Көкшетау – Мәдениет (СҚО), Көкшетау – Арық балық – Калмаккөл, Көкшетау – Казанка (СҚО), Көкшетау – Заградовка (СҚО), Көкшетау – Кішкенекөл (СҚО), Көкшетау – Нижний Бурлук (СҚО), Көкшетау – Чкалово (СҚО), Петропавл – Көкшетау – Рузаевка (СҚО), Петропавл – Степногорск, Петропавл – Шүчинск, Петропавл – Бурабай, Петропавл – Көкшетау.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, 319-каб. немесе тел/факс: 8 (716 2) 26-91-56 арқылы, сондай-ақ басқарманың ресми сайтынан <http://upt.akmo.gov.kz> алуға болады.

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысуға құқылы.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттар жиынтығын алуға жазбаша өтінімдерін басқармаға (Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89 ғимарат, № 319 кабинет) әкеліп тапсырулары тиіс.

5. Конкурс құжаттарын алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 3 желтоқсан күні.

6. 2025 жылғы 18 қараша күні сағат 15.00-де конкурс комиссиясы басқарма ғимаратында конкурсты өткізу сұрақтары бойынша конкурс алды конференциясын өткізеді.

7. Анықтама телефондары: 8 (716-2) 26-91-56.

## БАНКРОТТЫҚ

21. Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 4 қарашадағы ұйғарымымен «ЕТ. КЗ» ЖШС, БСН 200740004801, бойынша банкроттық ісі қозғалды.

13. Қызылорда облыстық соты және ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы сот жүйесінің ардагері, отставкадағы судья

### Төлеухан Ғанидың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

15. Жамбыл облысы соттарының ұжымы және Судьялар одағының Жамбыл облысы бойынша филиалы Жамбыл облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының отставкадағы судьясы

### Кенжеғали Әмірбекұлы Кенжебековтың

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты, оның отбасына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Любаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Бұл ерекше тұқымды қойларды ол бала кезінде көрген болатын. Иә, бұл қойлардың қошқарлары қасқырлардан қорықпақ түгіл, қорқаулардың өздеріне шабуыл жасайды. Олар атылып барып, ірі, иіріле өскен темірдей мықты мүйіздерімен сүзіп, тіпті кеудесімен ұрып, омақастыра құлата алатындығын да жақсы біледі.

Енді Абылай Әзімханұлының жүйрік ойы «суық жымыған «Кобраға» ойысты: «Олар солтүстіктегі «сұлулардың», яғни ерекше жаратылған қойлардың он-он бесін емес, бақандай бүкіл отарын қайдан, қалай алды? Менің детективтік түйсігім

– Сіз өзіңіз айттыңыз ғой, «күйеу – мал» деп.

– А-а-а деп, қарқылдай күлген «Кобра» сөзін әрең жалғастырды. – Үйде күйеу бар, мал бар дегенім ғой. Ха-ха-ха!

Болат та өзінің бір кездерде болған, бірақ қазір ұмытылып кеткен актерлік қабілеттеріне таңданып, шынайы, беріле күліп жатыр. Енді оның осы қабілетін Қаздрамтеатрдағы атақты аттасы көрер ме еді?! Сарысуды жарнамалай отырып, жаңағы ветеринарлық фургонның кабинасынан қораптарды бірінен соң бірін шығарып жатыр. Оларды жаңағы бикешке кезек-кезек көрсете отырып, сұлудың біресе бетіне, біресе иығына кездейсоқ

## Бауырың қылыш ұстатар...

... «Бабник» – Болаттың ыстық құшағына оранып, ес-түсінен айырылған «Кобра» әйел Болатқа тұтқындағы Руслан балақайдың қай жерде екенін, ол фазенда қай жерде және оған қалай жетуге болатындығын тәптіштей айтып берген.

Болат болған бар жағдайды полковник Қайсеновке жеткізіп, екеуі ақылдаса келе, Русланды құтқару операциясына Дима-докторды қосып, үшеу болып баруға келіскен. Абылай мен Болат мал ұстайтын фазендадан екі-үш шақырымдай

«Машина...!». Жүрегі қатты дүрсілдей соғып, бұлшық еттері татамиге күреске шыққан кездердегідей шырышты атып кетті.

Ешқандай күмән қалмады, машина тікелей мал қораның жанына келіп тоқтады. Жүргізуші көп ұзамай қозғалтқышты сөндірді. Дима күректі қабырғаға соғып, қақпаға қарай асыға жүрді.

– Ол жаққа барма! – деп, Саша кетік тістерінің арасынан ысылдай сөйледі. Бірақ серіктесі оған «ары тұр» дегендей қолын сілтей салды.

Осы кезде ел күтпеген бір қызық тамаша болды! Дима-дәрігер пысықсыған Сашаны желкеден бүріп ұстады да, қораның ішіне допша домалатып лақтырып жіберді. Ар-

айқайлаған әйел дауысы шықты. Дима баяғыда өзі қаратә спортымен айналысқандағы әдісімен әйелдің қолын қайырып, аузына өзінің бето-рамалын тығып жіберді.

– Тартынбаңыз, менің айтқанымды жасаңыз, сіз тірі қаласыз.

Тұтқындалған әйел келіскендей басын изеді.

Әйел оң қолын тік ұстаған күйі, есік пен төрдей созылып жатқан сәнді шетелдік көлікке жақындады. Артынша Диманың сыбыр еткен әмірлі бұйрығы бойынша машинаны оталдырды. Осы кезде доқтыр машина иесін оң қолымен шетке ысырып жіберіп, көлікке лып етіп отырып алды. Диманың әр қимылын бағып тұрған Руслан да көлікке жүгіре басып мініп алды. Іле-шала өгіздей өңкіген алып «Джип» тұрған орнынан жұлқи қозғалып, үлкен жылдамдықпен зымырай жөнелді. Арада бір-екі минут өткенде, ағаш ішіне жасырынған Болат пен Қайсенов «Ауди» машинасына секіріп мініп, «Джиптің» соңынан құйғыта жөнелді...

...Арт жақтан сатұр-сұтыр оқ атылды.

«Автоматты Винчестер!» АҚМ немесе граната атқыштары жоқ шығар! Бірақ, кім білсін? «Сақтыққа – қорлық жоқ». Дұрысы – жыланша ирелендетіп, үлкен жылдамдықпен шапшаңдата қашу...»

«...Барлық есептеулер бойынша шамамен аудан орталығы оңтүстікте» деп бағдарлаған Дима, солтүстікке қарай – Бестөбе кенті бағытына қарай жүретін ойдым-ойдым асфальт жолға түсіп алып, зуылдай берді. Едуәір қашықтықты артқа тастап, қайың қадалардың арасымен Авангард ауылына қарай жол тартты. «Онда Мұса ағай, күрең қызыл боп піскен дәмді бауырсақтар мен киімдерім өзімді күтіп жатыр. Бірақ, біз қараңғы түсетін мезгілді күтіп, көлікті адамдардың көзінен таса жерде қалдырып, артта

# ШАМИЛЬ ШАЛДЫҢ

былай дейді: «Бақытсыз Руслан баланы бір отарға жуық қойға айыр-бастап, яғни бартер жасаған! Міне, қандай бизнес!

Байғұс Шамиль шалдың шатақ қойларға байланысты афераға қатысы жоқ екендігіне өзім кәміл сенемін...».

## «Кобра» операциясы

– Қой-й! Қой-дың терісін қабылда-а-аймыз! Қымбат бағаға аламыз! До-ро-го! – Болатымыз бұлтық жұтқыншағы жыртылғанша айқайлап жүр. Артынша ауылды басына көтере:

– Емдік сарысу-у-у! Малдың сібір жарасына қарсы сарысу-у-у са-тамыз! – деп ән шырқағандай соза жалғастырды ол қорабы айбақ-сайбақ болып сыдырылған фургон машинасының жанында тұрып.

– Күте тұрыңыз! – тарс қоршаудың тар қақпасын шикылдатып жартылай ашқан әйелдің қарлығыңқы дауысы естіліп, артынша, «коммерсанттардың» жанына үні ысылдаған жыланның дауысына аумай ұқсаған «қобраның» өзі асыға-үсіге жетіп келді.

– Терілерді қандай бағаға алып жатырсыздар? – Әйелдің мұндай сауда-саттыққа әбден төселгендігі байқалып тұр.

Қайтарылған жауапты естігенімен, оны құлаққа онша ілмеген «кобраға» баға онша маңызды емес сияқты. Артынша тағы да:

– Ал ірі қара малдың терісін қаншадан алып жатырсыз? – Үйінде отырып әбден іші пысқан әйел сұрағын қайталап қойды...

...Жақсы! Бәрі жоспарланған сценарий бойынша жүріп жатыр. Мұндай «спектакльдің» талайын басынан өткізген тәжірибелі Болат жауап берушіден «мүмкін және мүмкін емес» фактілердің бәрін сығып алу керектігін жақсы біледі. Тіпті, онша сүйкімді емес бұл ханыммен, егер мүмкін болса, жеңіл флирт жасау арқылы өзіне қажетті деректерді сығып алуға қарсы емес.

– Сұлу бикеш, біз сені ренжітпейміз. Не берсеңіз де қуана-қуана қабылдап аламыз. Болат осал «балықшы» емес, қармаққа балықты бұлтартпай, жақсылап түсіру үшін қармағын алысқа лақтырды. Емеурінді жақсы түсінетін, көпті көрген тәжірибелі әйел де:

– Біз бергіміз келгенімен, көп нәрсе бере алмаймыз. Үйде күйеу, мал-жан бар дегендей...

– Не оның бар болмысы мал ма? – Кімнің?

– Күйеуіңіздің...

– Неге мал? – аңғал әйел ашуланып, көздері жыпылықтап кетті.

тигізген болып, жанасып-жанасып кетеді.

Әйел де, жас емес пе, құмарлық сезімі ояңнанан беттері гүл-гүл жайнап, қызарып кетті.

Өткен жылдардағы жауынгерлік тәжірибесінен Болат өзінің бұл әрекеті нәзік жынысты әңгімелесушіге әсер етіп жатқанын анық байқап, күлімсіреп тұр. Биоэнергетикалық өрістің кернеуі әр минут, тіпті әр секунд сайын еселей артып келеді.

Міне, есін жоғалтып, әбден елтіген әйел, сарайына кіріп, бірнеше құрғақ тұздалған қой терісін сүйреп шығарды.

Полковник Абылай Қайсеновтың үш күн бойы үйреткен нұсқауы бойынша, қой терісін сілкіп-сілкіп жіберді де, алақанымен жүнді қарсы бағытқа ысырды. Әрі қарай үрлеп-үрлеп жіберіп, көздерін жұмып, таң қала «пах-пах» деп, мақтау рәсімін жасады.

– Қазақстанның солтүстігінде өсірілген Қошқарбай тұқымды қой. Керемет! Еті – жұмсақ, дәмі де, шырынды. Жүні де қалың, биязы. Бұдан қатқан, сәнді тон тігуге болады. Мұндай ерекше байлық тек сіз сияқты мәдениетті де әдемі қыздың қолында болуы тиіс және де дәл солай болып тұр.

Ханымның жаны мынандай мақтаудан кейін қалай, қайтп қана шыдасын, жанарлары жасаурай рахаттанып, жыларман хал кешуде. Мұндай асыл тұқым қойдың қайдан, қалай келгенін ешкім сұрамай-ақ, әйелдің өзі қазақ радиосы құсап, тәптіштей сайрап қоя берді:

– Ағам қошқарымен он бес бас саулық қой әкелген болатын. Өздері өте тез көбейеді екен...

– Иә, сіздей сүйкімді де әдемі ханымның жанға жайлы аурасынан мал түгіл, адам да тез көбейері анық...

– Ал сенің ағаң қайда тұрады, тәтті қыз? – Бір кездері жас кезінде ол кавказ акцентімен «дәушка» деп айтқанындай, тілін бұрай сөйледі. – Мен біздің облыста мұндай қошқарлар жоқ екенін білемін.

– Ол алыста тұрады. Көкшетау облысында.

– Иә– а! Ол менің туып-өскен Отаным ғой. Мен Володар ауданында дүниеге келген едім.

– Ол Уәлиханов ауданында тұрады.

– Тоқта, тоқта! Қазақтардың: «Сұраса келе, қойныңдағы әйелің қарын бөлек болып шығады» демекші, сіз екеуіміз жеке, ел жоқ жерде отырып, біраз әңгімелескен соң, туыс болып шығуымыз ықтимал. Оның тегі Жандосов – Жәлел Жандосов.

– Мүмкін, әбден мүмкін. Біз Сикымбаевтармыз. Оның есімі – Дулат.



# ҚҰШИЯСЫ

жердегі ағаш арасына жасырынып, «бич» кейпіне еніп, алба-жұлба киінген, кір-кір сабалақ шашы желкесіне түскен Дима кештетіп фазендаға жеткен. «Мені мұнда жұмысқа Шамиль жіберді» деп, маймылға ұқсаған «орангутан» кличкалы бригадирге: «Түрмеден қашып жүрген жетіммін. Барар жер, басар тауым жоқ. Сіздерді паналап, күнімді көрейін» деп сықсия жылаған. – Тек мені менттерге ұстап бермесендер болды.

Түс кезінде «маймыл-орангутан» Магомедпен бірге келіп, жұмысшылардың әрқайсысына жарты бөлекен қара нан таратып берді. Көп ұзамай ашық қақпаға мал қорадағы, мұрын мен кеңсірікті жарып жіберердей сасық иіс «лак» етіп құйылды. Өйткені, қос алдындағы жылымық күндерде қара ішінде бордақылау үшін біраз мал арнайы байланған еді. Сәтін салғанда, мал қораның қиын ойып, тазалауға «орангутан» Дима мен Русланды қойды. Жұмыс істеп жүріп, Дима-доктор бар жағдайды Русланға сыбырлай айтып берген.

Біздің «бич» кейіпкеріміз қашудың қандай ғана нұсқаларын ойламады. Бір сөзбен айтқанда, қазір қашуға ешқандай мүмкіндік жоқ. Енді тек қолайлы сәтті күтіп, Русланды босатып алу керек.

...Бұл құдіреті күшті Құдайдың торыққан жанға мүлдем күтпеген ойламаған жерден жіберер көмегін айтсаңшы! Күтпеген жерден! ...Басында мотордың дауысындай әлсіз ғана шу естілді де, бірте-бірте дауыс күшейіп, жақындай түсті.

тынша тоңқалаң асып, тұра алмай жатқан серіктесін май құйрықтан жақсылап тұрып бір теуіп, қораның есігін сырттан жауып тастады.

– Сен оны бекер соқтың. Бұл үшін олар сені аямайды. Мүгедек қылады және сенің фамилияңды да сұрамайды. – Мұны айтып тұрған құлдыққа жүрген зектің біреуі. – Ол үшін бүгін түнде сізге күшті және ұзақ дәріс оқылады. Денеңіз де қанмен әбден боялады.

– Не үшін?

– Сұрамаған жерге тұмсық тықпау үшін.

«Атаңның басы!», – деп ойлады Дима жағдайды дұрысырақ бақылап тұру үшін темір қақпаға жақынырақ барып тұрып.

«Құдіретті құдайым, маған соңғы мүмкіндікті беріп отыр... Бұлар мұнан қой алып кетуге келген байшыкештер. Сондықтан, жарамсақ қожайындар оларды дұрыстап сыйламайына жібермейді. Үйге кіріп кеткен олар көліктің кілтін өздерімен бірге алып кетуі екіталай – бұл қала емес. Қой алып кету үшін байшыкештер кешке таман отардың оралуын күтеді немесе біреудің бастауымен жайылым даласына барады. Машинаның бағы, әрине, бензинге толы, тіпті, өздерімен бірге канистр алып жүруі де мүмкін». – Дима осы ойлардың жетегінде тұрғанда, үйден сәнді киініп, әлем-жәлем боянып алған әдемі әйел шықты. Шама-сы, жұмысшыларға әлдене бұйрық беру үшін болар, мал қора қақпасына қарай бөксесін бұрандата басып келе жатыр. Осы сәтте:

– Ой-пырмай! – деп, жанұшыра

еріп келе жатқан Болат пен шеф мінген «Ауди» машинасына ауысып мініміз керек».

Ойға алған жауапты істі көңілдегідей тындырып, жеңіске жеткен сайын Дмитрий Сухов өзінің бала кезден ұранына айналдырып алған сүйікті ақыны Пушкин жарықтықтың:

Оковы тяжкие падут,  
Темницы рухнут и свобода!  
Вас примет радость у входа,  
И братья меч вам отдадут! – деп

жырылайтын өлеңін дауыстап оқып жіберді. Артынша тағы да сол бакенбарды бетін тұтастай жауып тұрған Александр Сергеевичтің: «Ай да Пушкин, ай да сукин сын» деген сөзінің мақамымен: «Ай да Сухов, ай да сукин сын» деп, қуаныштан екі-үш қайтара айтып жіберді.

– Дима, қане, машинаны тоқтатшы, бауырым – деп, ұялы телефон арқылы хабарлаған полковник Қайсеновтың сөзінен «Джип» кілт тоқтады. Көліктен түскен үш чекист пен «құлдықтан құтылғаным өңім бе, түсім бе?» деп, сенер-сенбесін білмей, ағыл-тегіл жылаған Русланның құшақтары айқаса кетіп, біразға шейін жазылмады.

– Алақай, біз жеңдік! Полковник Абылай Әзімханұлы аман болса, әлі де жеңе береміз! – деген Диманың сөзіне екі чекист:

– Біздің Дмитрий сияқты батырымыз тұрғанда, біз жеңбеуіміз мүмкін емес! – деп, екеуі екі жақтан Дима Суховты ыстық құшақтарына алып, кір қожалақ беттерінен құшырлана кезектесе сүйе берді.

**Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ**